

4. Кавтарадзе, Д. Н. Обучение и игра. Введение в активные методы обучения / Д. Н. Кавтарадзе. – М. : Феликс. – 1998. – 101 с.

ӘОЖ: 37.091.33:378

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУҒА МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

О. Н. Ерниязов, педагогика магистрі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада жоғары оқу орнында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың маңызы, ерекшеліктеріне тоқталған. Дәріс, практикалық сабақтарда қолдану ерекшеліктері көрсетілген. Студенттердің оқуға мотивациясын арттыру жолдарын теориялық тұрғыдан зерттеу нәтижелері сипатталған.

В статье показаны важность и особенности использования интерактивных методов обучения в высшем учебном заведении. Также говорится о путях использования их на лекции и практических занятиях. Описаны результаты теоретического исследования условий повышения учебной мотивации.

Importance and features of use of interactive methods of training in higher educational institution are given in the article. Also it is told about ways of its use at lecture and practical training. Results of theoretical research of condition of increase of educational motivation are described as well.

Қазіргі ғылым мен техниканың даму деңгейі талап ететін білімді, жылдан жылға көлемі артып келе жатырған ақпаратты меңгеруде студенттердің осы білімді игеруге деген қызығушылығының, оқуға мотивациясының алатын орны ерекше.

Мотивация және мотив мәселелерін дүние жүзінің көптеген ғалымдары зерттеп, өз тұжырымдамаларын жасаған. А. Н. Леонтьевтің мотивация іс-әрекеттің артында тұрған, қажеттіліктердің қанағаттануына тәуелді, белгілі бір эмоциялармен байланысты деген нұсқауы өте маңызды. Бұл адамның сол іс-әрекеттен қанағат алуына орай, оның эмоционалдық, сезімдік, өзіне сенімділігі, белсенділігі т.б. қасиеттерінің дамуы жүзеге асатынын көрсетеді [1, 241 б].

И. П. Подласый оқу мотивтерін жалпы танымдық және әлеуметтік тобына бөліп қарастыруды жөн көреді. Егер студент оқу үрдісінде оқылатын пәннің мазмұнына бағытталған болса, онда танымдық мотив туралы айтуға болады. Себебі ол студент сол оқу пәнін меңгергісі келеді. Егер студентте оқу барысында басқа адамға бағытталғандық басым болса, (мысалы, басқа студенттердің, ата-анасының, т.б. сөзіне бола) онда әлеуметтік мотивтер туралы айтылады. Оның айтуы бойынша танымдық мотивке мыналар қатысты:

1. Оқу мазмұнымен қызықтыру.
2. Үрдіспен қызықтыру.
3. Қызығушылық.

Әлеуметтік мотивке:

1. Кең көлемді әлеуметтік түрткі себептер.
2. Мәртебелік қызығушылық.
3. Тар әлеуметтік түрткі мотивтер (мұғалімдер мен ата-аналар «түрткісі») [2, 202-204 Б].

Студенттердің оқуға мотивацияны арттыруда шығармашылық еңбектің ролі жоғары және шығармашылық еңбекті жоғары бағалай отырып, еңбек, спорт және эстетикалық құндылықтардың осы бағытта тигізетін ықпалы өте зор.


А. К. Маркова да студенттердің оқуға мотивациясын арттыруда өз бетімен білім алудың маңызын жоғары бағалайды [3, 95 б].

Оқу әрекетінің мотивтерін қалыптастыруда студенттердің алатын білімінің жан-жақты, толық болуының мәні жоғары екендігі белгілі. Бұл бағытта В. Н. Максимова студенттерді пәнаралық танымдық іс-әрекет біліктіліктеріне үйрету керек деп санайды. Сонымен қатар К. Д. Ушинский де оқу қызықты және түсінікті, тартымды өтуі үшін міндетті түрде пәнаралық байланыс орнату керектігін атап көрсетеді. А. К. Дусавицкий, Б. Г. Ананьев және В. В. Репкиннің зерттеулері бойынша бойынша тиімді ұйымдастырылған оқу ісінде студенттер бағаға қызығудан шынайы танымдық мүддені білуге тез ауысады. Х. Й. Лийметс, Л. А. Карпенко, Л. А. Радзиховский және Е. С. Рабунский студенттердің оқуға мотивациясын арттыруда топтық жұмыстың ықпалы зор деп санай отырып, мұндай жұмыстар олардың тәртіптерін де жақсы тәрбиелейді, өзара қарым-қатынасты жақсартады деп көрсетеді. Сонымен бірге бұрынғы кеңестік психология, педагогика ғылымдарында Е. В. Шорохова, К. К. Платонова, А. В. Петровский, Л. И. Уманский, А. Н. Лутошкин студенттің оқу мотивациясын арттыру және тұлғасын қалыптастыруда ұжымның тигізетін ықпалы өте зор деп көрсетеді [4].

Қазіргі кезде қарым-қатынас үрдісіне негізделген оқыту – интерактивті оқытуға үлкен көңіл бөлінуде. Оқыту үдісі тиімді болу үшін қарым-қатынастың үш жағы да қатысуы қажет: 1) ақпараттық (ақпараттың берілуі және сақталуы); 2) интерактивті (біріккен іс-әрекетке өзара әсердің ұйымдастырылуы); 3) перцептивті (адамның басқа адамды қабылдауы және түсінуі).

Интерактивті оқыту әдістерінің түрлеріне топтармен жұмыс, оқу пікір сайысы, «Сократтық диалогтар», ойындық жобалау, ми шабуылы, пікірталас, дөңгелек үстел т.б. жатады.

Соңғы уақытта студенттердің алатын біліміне үстірт қарайтын кездері байқалады. Бұл оқыту үрдісінде интерактивті әдістерін пайдалануды қажет етеді. Яғни, студенттер оқу материалын талқылауда өзара белсенді қарым-қатынаста жұмыс жасауы керек. Осы бағытта интерактивті әдістер ретінде саналатын «Оқу және жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» стратегияларын пайдаланудың маңызы ерекше. Мысалы, сабақтың тақырыбы «Білім беру технологиялары» делік. Дәріс кезінде бірінші «технология» сөзінің мағынасын ашарда «Ассоциация» стратегиясын қолдануға болады (1-сурет). Шеңбердегі терминге байланысты студенттер оны қалай, қандай сөзбен ассоциациялайтындарын айтып, пікірлерін білдіреді. Сөздер тактаға жазылады. Студенттердің пікірінен кейін соларға сүйене отырып, ортақ дұрыс анықтама құрастыруға болады.



1-сурет – «Ассоциация» стратегиясын қолдану арқылы «технология» терминінің мағынасын ашу үлгісі

Сонымен қатар жаңа материалды өтуде «Білемін. Білгім келеді. Үйрендім» стратегиясын қолдануға болады.

Тақтаға «Білемін. Білгім келеді. Үйрендім» стратегиясының кестесі сызылады (1-кесте). Студенттер білім беру технологиялары туралы не білетінін айтады. Оқытушы 1-ші графаға студенттердің жауабын жазады. Содан кейін 2-ші графаға студенттердің жауабына сәйкес олардың не білгісі келетіні жазылады. 3-ші графаны сабақ мақсатына сәйкес дәріс соңында немесе семинар, СООӨЖ-ден кейін толтыруға болады. Мұнда 1 және 2-ші графадағы студенттердің жауаптары тексеріліп отырады. Білгісі келетін материалдарын игергендігі анықталады.

1-кесте – «Білемін. Білгім келеді. Үйрендім» стратегиясының кестесі

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Дәріс кезінде студенттердің психологиялық ерекшеліктері мен саны мүмкіндік берген жағдайда «Түртіп алу» стратегиясын да қолдануға болады. Дәріс барысында оқытушы материалды түсіндіріп отырғанымен, студенттер кейбір сөздер, пікірлерді үстірт түсінуі мүмкін. Дәріс соңында белгілі уақыт қалдыра отырып, оқытушы студенттерге мына белгілер бойынша дәрісті талдауды ұсынады:

- «v» – білемін;
- «+» – жаңалық;
- «-» – келіспеймін, басқаша ойлаймын;
- «?» – түсінбедім.

Бұл белгілерді студенттер мәтіннің кез келген тұсына қоюларына болады. Яғни, сөзге, сөйлемге т.б. Талдауға берілген уақыт аяқталған соң студенттер тәртіп бойынша өз еріктерімен не оқытушының басқаруымен қойған белгілері туралы баяндайды. Әсіресе, «түсінбеймін» деген белгіге мұқият талдау жасау керек. Бірінші студенттер өзара талдау жасайды. Бұл сөздерге «білемін», «жаңалық» белгісін салған студенттер өз пікірлерін айтады. Содан кейін оқытушы олармен бірлесе отырып дұрыс, толық анықтамасын құрастырады.

«Ішке және сыртқа» стратегиясын оқытушы дәріс немесе семинар кезінде қолдануға болады. Студенттер дәріс немесе семинар мәтіні бойынша бұл стратегия кестесін (2-кесте) сыза отырып, мәтіндегі белгілі бір ойды, пікірді, сөзді не сөйлемді (сөйлемдерді) кестенің бір жағына, ал екінші бір ойды, пікірді, сөзді не сөйлемді (сөйлемдерді) екінші жағына өз қалауы, көзқарастары, принциптері бойынша жазады. Белгіленген уақыт аяқталған соң студенттер өз жұмыстарын не ойларын ортаға, топтық талқылауға салынуына мүмкіндік беріледі. Бірақ, ешкімнің ой, пікірі, көзқарасына, сеніміне қатты сын-пікір айтуға болмайды. Бұл әдіс студенттердің оқу материалына терең тоқталуына, сын көзбен қарап, есінде жақсы сақтауына жағдай жасайды.

2-кесте – «Ішке және сыртқа» стратегиясының кестесі

Ішке	Сыртқа
1. 2.	1. 2.

«2 жақты күнделік» және «3 жақты күнделік» стратегияларын мәтінді оқығаннан не игергеннен, дәріс не мәтін берілгеннен кейін қолдануға болады (3-кесте). Студенттер мәтін ішінен қазіргі уақытта проблемалық мәселе болып табылатын сұрақтарды өз беттерімен тауып, оны шешудің жолдарын ұсынады. 1-графаға студент проблема деп санайтын мәселе жазылады. 2-графаға бұл неге проблема деп санайтын мәселесі жазылып, неге проблема деп санайтындығы жөнінде түсінік беріледі. «3 жақты күнделікте» оған 3-графа қосылып, онда проблемалардың шешілу жолдары ұсынылады. Оқылған проблемаларды тақтаға жазып, топ болып шешуге тырысуға болады. Бұл студенттердің мәтінге сыни көзбен қарап, саналы түрде игеруіне, түрлі қиын жағдайлардың дұрыс жол, шешім тауып шыға білуге үйретеді.

3-кесте – «3 жақты күнделік» стратегиясының кестесі

Мәселе	Комментарии	Шешу жолдары

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Леонтьев, А. Н. Проблемы развития психики / А. Н. Леонтьев. – М. : Академия. – 2001. – 584 б.